

А.Б. Калыш<sup>1,\*</sup>, А.И. Исаева<sup>2</sup><sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com, aliyaissaevna@gmail.com)

## Көрнекті ғалым М.С. Мұқанов керей тайпасының этникалық тарихын және шежіресін ғылыми негіздеуші

Мақалада отандық тарих және этнологияға елеулі үлес қосқан, қазақ халқының этникалық тарихын, соның ішінде Орта жүздің ру-тайпалық құрылымының тарихы, таңбасы, қоныстануы, этимологиясы мен таралу тарихына қатысты ел арасынан жинаған далалық этнографиялық материалдар негізінде, отандық және шетелдік ғылыми деректерге сүйене отырып толық мағлұматқа жан-жақты талдау жасап, өзіндік ғылыми түйінін жасаған көрнекті ғалым М.С. Мұқановтың керей тайпасына қатысты еңбектері зерделенген. М.С. Мұқанов қазақ халқының этникалық тарихы, қазақ жүздері мен тайпаларының құрамы, шежіресіне байланысты сан алуан мәселелерге терең қызығушылық танытқан. Тоталитарлық жүйе кезінде аталмыш тақырыптар мәселелерін зерттеуге мүлдем тыйым салынған болатын. Кеңес қоғамы көшпелілердің өзіндік биік мәдениеті мен қайталанбас салт-дәстүр ерекшеліктерін қасақана мойындамады. Оның астарында империялық мүдде мен саясат жатқан болатын. Алайда, оларға өзінің әріптестері мен көшпелілер өркениетінің ру-тайпаларының құрылымымен таныс С.П. Толстов, Т.А. Жданко және т.б. ғалымдар қолдау көрсетіп, өздерінің еңбектерінде М.С. Мұқановтың дұрыс идея ұсынғанын мойындап қана қоймай, сонымен қатар көптеген конференциялар мен сессияларда ғылыми тұрғыдан дұрыстығын бүкіл ғылыми жұртшылықты мойындата білді.

*Кілт сөздер:* ру, тайпа, этнография, орта жүз, шежіре, керей, жылнама, аңыз.

### Кіріспе

Халқымыздың ұлықты шежіресін жазу орта ғасырда өмір сүрген Қадырғали Жалайырдың еңбегінен бастау алары күмәнсіз. Ал Шоқан Уәлиханов пен Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәрсен Аманжолов еңбектерінен кейінгі жерде халқымыздың шежіресін шын мәнінде ғылыми зерттеу нысанасы дәрежесіне көтеріп, сол жолда ғұмырын арнаған ғалымдардың бірі М.С. Мұқанов еді.

Көптеген ғалымдардың, әсіресе М. Мұқановтың Орта жүзге қатысты зерттеулерінде жүздердің бастапқы шығу төркініне, қазақ ұлтын құрап отырған үлкен тайпалар мен рулардың генезисіне, этникалық құрамы мен олардың өзара бірігу процесіне кеңінен тоқталады. Мұндай мағлұматтарды аңыз-әңгімелер арқылы зерделеп, таңба-ұрандар арқылы дәлелдеп береді.

Шежіреде рулық кестелер жеке-жеке алынып, үлкен және кіші аталар бойынша таратылған. Әрине, бұл шежірелік кестелерді толық әрі дәл деп ұғынуға болмайды. Одан авторлардың белгілі бір үлгі-нұсқа, кестелер келешекке толығып, түсіп қалған, ұмыт болғаны ұрпақтармен жалғасып отыруы тиіс деген пікірлерде болғандығын көреміз.

Біз жұмысымызды зерделеу барысында М.С. Мұқановтың жарты ғасыр ширегінде зерттеген Орта жүздің ру-тайпаларына қатысты, соның ішінде керей тайпасына қатысты монографияларын осы саладағы көптеген көрнекті зерттеушілердің еңбектерімен салыстыра отырып, ғалымның пікіріне, жасаған түйіндеріне баса көңіл аударамыз.

Еліміз дербестікке қол жеткізгелі жерімізге көз алартушылар пайда болған тұста қазақ жерінің ежелден нақты ру-тайпаларының байырғы мекені екені бұл да бұлтартпас айғақ деп түсінгеніміз, тарихи танымымыздың жаңғыруына себепті салдар деп ұққанымыз абзал.

### Зерттеу әдістері

Мақаланы дайындау кезінде ғылыми, оның ішінде, пәнаралық бағыттағы зерттеулерді жазу барысында қолданылатын әдістемелік принциптер басшылыққа алынды. Керей тайпасының этникалық тарихын және шежіресін ғылыми негіздеумен шұғылданатын зерттеушілердің еңбектерін

\*Корреспондент автор. E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com (А.Б. Калыш)

қарастыру барысында және оларды сараптап отырып, талдау жасау кезінде, авторлар тарихи-объективтік, логикалық, жүйелілік, салыстырмалы талдау т.б. әдістерді пайдаланды. Рулық кестелер, аңыз-әңгімелер, таңба-ұрандар тарихи-объективтік принцип негізінде көрсетілді. Осыған байланысты, зерттеліп отырған тақырыпты дәлелдеу үшін сараптамалық талдаудың әр түрлі бақылау әдістері қолданылды.

#### *Нәтижелері және оларды талқылау*

Керейлер ерте заманнан келе жатқан түркі тілдес тайпалардың бірі. Әйгілі шығыс зерттеуші ғалым Г.Е. Грумм-Гржимайло: «Керейлер IX ғасырдан бастап тарихқа әйгілі болған» десе [1; 409–417 б.], Н.А. Аристов: «Керейлердің жан саны X ғасырда 900 мың адамға жеткен» дейді [2; 392 б.].

М.С. Мұқановтың өзі де керей руынан. Айта кететін жайт, осы руды зерделеу барысында әкесі Сәбит Мұқановтың мәліметтерін көптеп пайдаланған. Сонымен қатар, атақты қазақтың әдебиет классигі Ғ. Мүсірепов, академиктер М.Қ. Қозыбаев, О.И. Исмағұловтар да осы керей руынан.

Ғалым зерттеулерінде нақты ғылыми деректерді келтіре отырып, көне керей мемлекетінің негізін салушы Керей батырдың бір кездері Моңғолияның солтүстік-батыс бөлігінде басшылық еткенін атап өтеді. Бірақ XII ғасырда Шыңғыс ханның сансыз көп әскерінің соққысына жығылған деп тұжырымдайды. Ғалым керейлердің шежірелік нұсқасының тамыры X ғасырда, мүмкін өте ерте кезеңге кететін шығар деген екі ұшты пікір келтіреді [3].

М.С. Мұқанов жоғарыда келтірілген ғалымдардың ғылыми түйіндерінде, нақты керейлердің шығу кезеңін көрсетпейді. Сонымен қатар, керей халқының шығу тегі жөнінде ғалымдардың ортақ пікірі жоқ. Мәселен, В.В. Бартольд, В.Я. Владимирцев, Н.А. Аристов, М. Тынышбаев, С.В. Киселев керейлерді моңғолдар деп келтіреді [4; 472 б.]. Ал бұған қарсы ғалымдардың зерттеулерінде керейлерді түріктер деп дәлелдейді. Оған Рашид-ад-дин мен Әбілғазы Баһадүр-ханды қолдайтын Н.А. Аристов, С.А. Козин, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Ә.Х. Марғұлан, И. Қабышұлын жатқызамыз [5, 204–239 б.; 6]. М.С. Мұқанов өз зерттеулерінде жоғарыдағы аталған ғалымдардың «керейлерді моңғолдардан шығаруының басты себебін, олардың көршілес мекендеуін негізге алғандығынан», - деп түсіндіреді. Сонымен қатар, Марат Сәбитұлы бұл пікірге қарсы өзіндік нақты дәлелімен тұжырым айтады. Ғалымның пікірінше: «Егер жүздеген жылдар бойы тайпада түркілендіру процесі жүргізілсе, әрине, оның мәдениетінде, тұрмысында, тілінде және т.б. көзге түсерліктей элемент қалмас еді». Ғалым бұл пікірін дәлелдеу үшін тарихи әдебиеттегі көшпенділердің екі түрлі баспанасын басшылыққа алады. Бұл қалмақ және қазақ киіз үйі. Моңғол халқында қалмақ киіз үйі болғандығы белгілі, ал қазақ жерінде тіршілік еткен керейлерде көп жағдайда қазақ киіз үйі кездесетіндігін Марат Сәбитұлы басты назарға алады. Жоғарыда келтірілген дерекке сүйене отырып, ғалым, «XIII ғасыр басында Шыңғыс ханның көп әскерінің соққысынан Солтүстік Қазақстаннан қашқан керейлер моңғол тайпасынан болса және содан кейін жүздеген жылдар бойы «түркілендірілсе», бұл жағдайда олар тілінде, мәдениеті мен тұрмысында моңғолдың элементін сақтап қалған болар еді», - деп өз ойын тұжырымдай түседі. Бірақ түп негізі түріктерден шыққан керейлердің тілі, материалдық және рухани мәдениеті, қазақ халқы мәдениетінің құрамдас бөлігі болып тұрды [7; 29 б.] деп, ғылыми түйін жасайды.

Біз мұндай пікірді С. Аманжоловтың да зерттеулерінен көре аламыз. Ғалым шежірелік нұсқаға және ғалымдар келтірген аңыздарға сүйене отырып, керейлердің түркі тайпасы екендігіне еш күмән жоқ деген өзіндік пікірін келтіреді. Мәселен, Моңғолия тарихын жазған Санак Сесеннің, моңғол халықтарын үш топқа, яғни моңғолдарды «еке-моңғолдар» деп, татарларды «су-моңғолдар» (мұнда унгут, маңғыт және чунгут кірген), ал керейлерді Керей деп атағанын келтіреді. Бұдан С. Аманжолов керейлер ешқашан моңғол болмаған және моңғол деп аталынбаған деп өзіндік тұжырымын жасайды [8; 62 б.].

Академик Ә.Х. Марғұлан керейлер мен үнгіттердің моңғол дәуіріне дейін мәдениеті жоғары болғаны, көне түрік жазуларын пайдаланғандығы жөнінде: «Алтай, Жоңғар даласында, Енесейде орхон жазуы бар құлыптастар жиі кездеседі. Олардың көбін жазған керей мен үнгіттер. Моңғол дәуіріне дейін бұлар және наймандар тегіс несториан дінін қабыл еткен елдер. Бұл әсіресе олардың крест таңбасында ашық көрінеді. Бұл таңба қазақ керейлерде осы күнге дейін сақталған. Мұндай крест таңба бар құлыптастар Енесай даласында көп...» [5; 226 б.].

Ж.О. Артықбаев зерттеуінде деректерге сүйене отырып: «Орта жүздегі уақ-керей сияқты рулар Тәуке ханның кезінде Кіші жүздегі Жетіру сияқты біріккен. Орта жүздің басқа руына қарағанда әлсіз болғанымен, барлығынан да байлығы асқан» деп келтіреді [9; 68 б.].

1190–1206 ж.ж. аралығындағы монғол шапқыншылығының әсерінен керейіттердің бір бөлігі батысқа қарай Еділге дейін жетіп, өздерінің этнонимін сақтап қалды. Кейіннен осы атаумен өзбек, қазақ және қырғыздардың құрамына енді. Келесі бөлігі Шығыс Қазақстанда қалып, Орта жүз қазақтар құрамына керей атауымен кірді, яғни бұрынғы этнонимінің соңғы — т әрпінсіз. ... Бірақ бұл керей және керейіттердің кейіннен көшу барысында тоғысып, араласуы да мүмкін [10; 66 б.].

Өз тарихында қилы-қилы дәуірлер мен аласапыран замандарды бастан өткерген көне керей елі кейіннен қазақ халқын құрауға атсалысқан белді тайпалардың біріне айналды. Н. Наушабаев пен К. Батишевтің таратқан нұсқаларында керейді Орта жүз ру билеушісі Жанарыстан таратады. Басқа Орта жүз шежірелік нұсқасында керей, уақ, тарақты, төлеңгіттерді Орта жүздің рубасшысы Ақжолдың некесіз әйелінен туғызатынын көреміз.

Ш. Уәлихановтың уақ-керей руына қатысты келтірген дерегі назар аударарлық. Ұлы ғалым Орта жүздің қазақтарын құрайтын руларды атай келіп, осы жүзге кейінірек келіп қосылған уақ пен керейді — жетіру дейді [11; 111 б.].

Мұндай деректі, біз Ж.О. Артықбаев зерттеуінде келтірілген аңыз-әңгімеден көре аламыз. Ғалым зерделей келе: «... жеті шабарман оңтүстікке қайтпай қазақтың ішінде қалыпты, сол себептен әр ру өздеріне еншілес қылып оларды бөліп алды. Қаңлы мен Шанышқыны Үйсін, Керей мен Уақты — Орта жүз, Табын мен Телеуді Кіші жүз қалап, ал енді — жетінші адам Тама иесіз қалады. Сонда игі жақсылар жүйрік жарыстырайық деп келісіп, сол бәйгіде Кіші жүздің құла аты бірінші келіп, Таманы солар алған екен» - деп, Жетіру деп қазақ ертеден осы жетеуінің ұрпағын айтқан деп келтіреді.

Негізгісі, Ж.О. Артықбаев бұл келтірілгендерге қатысты өзіндік түйін жасайды. Ғалымның пікірінше, қазақ ішінде жетіру тек Кіші жүзде ғана емес, басқа Орта жүзде де баршылық екенін келтіре отырып, бірақ Кіші жүздегі негізгі рулардан бастау алатынын басшылыққа алады. Рулардың жетіру болып бірігуін, ғалым: «табиғи түрде ме әлде осы санды қасиет көруден келіп туындайды ма ол арасы белгісіз», — деп түйіндейді [9; 70 б.].

М.С. Мұқанов керейлерді таратқанда аңыз негізіне сүйене отырып келтірген. Мәселен, Орта жүзді Жанарыстан өрбіте отырып, одан Жаншораны таратады. Осы Жаншораны таратқанда келтірілген аңыз бойынша, оның үйіне келген алты қожаның берген батасына өзінің ризашылдығын білдірген Жаншора, болашақта бала сүйсе, осы алты қожаның есімдерін беруге уәде береді. Осы алты ұлдың төртеуі Орта жүздің таралуына негіз болған.

Ал, осы Жаншора бидің екінші ұлы Исмағұл қожаның екі ұлы: Ошыбай мен Жаубасар тарайды. Ал Ошыбайдан Керей, ол осы тайпаңың ру басшысы. Міне, Марат Сәбитұлы өз зерттеулерінде керейді таратуда осы аңыз негізіне жүгінеді [3; 36 б.].

Керей этнонимінің этимологиясына қатысты Марат Сәбитұлы көптеген көне дерек көздеріне сүйенген, сонымен қатар бүгінгі таңдағы ғылыми зерттеулердегі деректерді келтірген.

Керей атауын алғаш рет Рашид-ад-дин еңбегінен кездестіреміз. Ол келтірген аңызында, «... ерте кезеңде бір ханның жеті (сегіз) ұлы болған және олардың қараторы келгендігін келтіреді. Соған байланысты оларды кереаттар деп атаған. Уақыт өте келе, оның ұрпақтары жеке атауға ие болды. Негізінде кейінгі кезге дейін, осы жеті ағайындардың ішінде біреуі хан болып, қалғандары оған бағынышты болған. Бірақ бұлардың барлығы бір құдайға аян» деп екі ұшты пікір келтіргенін көреміз [12; 140 б.].

Рашид-ад-диннің бұл айтып отырғаны, біздің пікірімізше, халық аузындағы аңыз негізінде жазылған. Сондықтан да ол: «мұны бір алла біледі» деп келтіріп қана қойған.

Бірақ Рашид-ад-диннің бұл пікірі Ш. Құдайбердіұлы зерттеуінен қолдау тапқанын көре аламыз. Сонымен қатар, Саян тауының Темірқазық тұмсығындағы Уде өзенінің бір айрығы Керей деген өзен атымен аталса керек деген Н.А. Аристовтың тұжырымына келіспейтіндігін көреміз. Шәкәрім қажы «бір ұйғырдың жеті баласының бәрі қара болғандықтан, оларды монғол тілінде керейт дейді, яғни қаралар деген дұрыс деп білемін» деп өз түйінін жасайды [13; 36 б.].

Ал М.С. Мұқанов ғылыми дерек көздеріне сүйене отырып, «Керей» — хан атауы, олар уақыт өте келе көбейіп, «бір тайпалық бұтақты құрады және оның ханның есімі осы тайпаға берілді», — деген пікірін кеңес өкіметі кезінде және соңғы жылдары жарық көрген зерттеулерінде келтіреді [3; 296 б.].

Керейден өсіп-өнген ұрпақ Ашамайлы және Абақ болып екіге бөлінеді. Шежіре дерегі бұл екеуін де Керейдің баласы, нақты кісі аты етіп көрсеткенімен, ғалымдардың бұл рулар атауына қатысты өз зерттеулерінде әр түрлі пікірлерін көреміз.

Мәселен, Н.А. Аристов еңбегінде бұл атауларды өте көне негізге жатқыза отырып, орхон жазуындағы жұмбақ мағыналы «ачюм апам» деген сөзді, ғалымдардың дерегіне сүйене отырып, «біздің бабамыз» (аталарымыз) дегенді білдіреді деп тұжырымдаған [4; 466 б.].

Ал С. Аманжолов пікірінше, «абак» сөзін лингвистикалық жағынан «аптак» сөзімен салыстырмалы келтіруге болатынын алға тартады. Ғалым керей руының Қара Керей, Абак Керей және Уақ-Керей болып бөлінетіндігін көрсетеді. Осындағы уақ-керейді зерттеулерде келтірілген деректер негізінде, осы сөздің тікелей мағынасы ұсақ — керей деп түсіндірсе, ал Абак-Керейлерді «аптак» сөзінің негізінде ақ нәсілділерге жатқызатындығымен байланыстырады [8; 38 б.].

М.С. Мұқанов өз зерттеулерінде бұл мәселеге қатысты өзгеше пікірі келтіреді. Ғалым: «түркі тілдерінде «омак», «умак», «обак» және маңғол тілінде «обок», «обох» деген сөздер қандас туыстарының өзінше бір одағы ұғымын білдіреді. Абак Керей дегеніміз — қандас-туысқан керейлер одағы деп жорамалдауға болады», - деп ғалым ғылыми тұжырым жасайды [14; 236 б.]. Абак атауы қазақ тайпаларының генеологиясында туыстықты әйел тарапы бойынша есептейтін матриархат дәуірінің неғұрлым көне формасы сақталғандығымен байланысты. Көптеген ғылыми деректерде оңтүстік славяндарындағы «домачица», словендердегі «господарица», орыстардағы «большуха» сияқты қазақ әйелдерінің де экономикалық және қоғамдық өмірде зор беделге ие болғандығы келтірілген. Ғалымның еңбегінде, тіпті бір рудың атын алған әйелдер де қазақ тарихында кездесетіндігін көрсеткен. Бұл әрине Абаққа да байланысты, яғни «Абак өз балаларын ғана емес, немере, шөберелерін де тәрбиелеген. Ол ақылды, әдемі, мейірімді және бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Осындай қасиеттеріне байланысты үлкен құрметпен «Абак ру басшысы» атанып, мәңгі ұрпақ есінде қалған», - деген ғылыми дерек келтіреді [3; 41 б.].

Ғалымның келесі зерттеуінде Абак этимологиясы мен таралу тарихына қатысты ел арасынан жинаған далалық этнографиялық материалдар негізінде толық мағлұмат береді. Бұл келтірілген деректер керей тайпасының тарихына қосылған ғылыми маңызды зор мәліметтердің бірі деген пікірдеміз.

Абаққа қатысты М.С. Мұқанов келесі зерттеуінде басқаша аңыз келтірген. Мұнда Керейдің Абак атты сұлу да ақылды әйелі болады. Көп кешікпей Керей өледі де, Абак жеті жасар баласымен жесір қалады. Осы аңызда Ашамайлы Керейлердің арғы атасы Абақтан тарайды. Бұл аңызды Марат Сәбитұлы тарихи жағынан анық нұсқа емес, керісінше, мифтік болғанымен, керейлердің тегі туралы, сол заманның этникалық сана-сезімі мен идеологиясына қатысты айтылатын этнографиялық дерек ретінде қарастырады.

Керей тайпасының ашамай руының этимологиясына қатысты М.С. Мұқанов және көптеген зерттеулерде ортақ пікір келтірілген. Бұл зерттеулерде ашамай — тай салып, жас баланы мінгізетін және түйеге салып, ұзақ жолда шешілмей тең артатын ердің аты. Бір-біріне айқастырыла салынған қоскөсеу таңбасы (X) осы ашамай ердің сүйегіне ұқсайтын болғандықтан, оларды ашамай атаған. Сонымен, ашамайлы деген атау шежіреде көрсетілгендей, кісі аты емес, бұл тайпа ашамай таңбасы бар тайпа деген мағына беретін халықтық атау — этноним.

М.С. Мұқанов өз түйіндерін зерделей келе, ғалым С. Аманжоловтың бұл пікірінің дұрыс еместігін келтіреді. Ғалым мұндай тұжырымында ғылыми дерек көздеріне емес, Солтүстік және Шығыс Қазақстаннан ел арасынан жинаған материалдарына жүгінеді. Мұнда керейдің негізгі таңбасы + белгісі болғанын, сирек болса да X белгісі кездесетіндігін атап өткен. Айта кететін жайт, ғалымның ғылыми зерттеулерінде осы тұжырымды кездестіреміз [15; 37 б.].

Керей тайпасының ұранына қатысты ғылыми зерттеулерде әр түрлі деректер келтірілген. Мәселен, М. Тынышбайұлы керей ұранын — «Ашамай» [16; 29 б.]. С. Аманжолов — «Қарақожа», «Ойшыбай», «Ақжол» [8; 16 б.] деп келтірген.

М.С. Мұқанов керейдің жалпы тайпалық ұраны «Ойшыбай» деп, С. Аманжоловтың берген дерегіне жүгінеді. Ғалым мұндай тұжырымын, қазақ халқы ұранды сол тайпаның немесе рудың ұлы тұлғаларының есімдерімен атағандығымен байланыстырады [15; 37 б.].

Ғалымның бұлай пайымдауының дұрыстығын қазақтың көне тарих беттерінен көреміз. М.С. Мұқанов жалпы керей тайпасының шежіресін тарихы, орналасуы мен бұл тайпадан шыққан ұлы тұлғаларға қатысты «Тарихтың өткендерінен» атты ғылыми монографиясында дәйекті деректермен зерделеп көрсеткен. Бүгінгі таңда бұл зерттеумен тең келер еңбектер кемде-кем. Сондықтан, біз керей тайпасын таратуда осы монографияны басшылыққа алдық.

Негізінен, барлық зерттеулердегі таратылған шежіре деректерінде керейден: Абак Керей және Ашамайлы Керей деп екі үлкен тармақтан тұратынын келтірілген.

Ашамайлы Керейді таратуда Марат Сәбитұлының зерттеулері мен кейбір зерттеулерге ортақ пікірді көреміз. Мұнда Керейден Ашамайлы, одан Шимойын. Осы Шимойынан Танаш би, одан Сибан, Балта, Көшебе, Тарышы руларын таратады [17; 195 б.].

Бірақ М.С. Мұқанов керейді зерттеуде өз еңбектерінде әр түрлі шежірелік нұсқа келтіргенін көреміз. Мәселен, ғалымның келесі бір кітабында Танаш биден Балта, Балға, Көшебе, Тарышыны таратқан. Жоғарыда таратылған нұсқада Сибанды Танаш бидің ұрпағы етіп келтірсе, ал бұл кестесінде Марат Сәбитұлы Сибан Балғаның ұрпағы деп көрсетеді [15; 125 б.].

Бірақ М.С. Мұқановтың келесі зерттеуінде Көшебені таратқанда өзгеше етіп көрсеткен. Мұнда, Көшебенің бәйбішесі Ханшайымнан Жауынгер, екінші әйелінен Алмамбет, Әбілмәмбет, Оғыз Бұзау, Жәдігер Жалайыр, Жадыра, осы Көшебенің үшінші әйелінен Жылсай деп таратқанын көреміз. Біз көп жағдайда осы шежірелік нұсқаға жүгінеміз, өйткені толық қамтып өрбіткені және нақты деректер көздеріне жүгінгендігі маңыздылығын арттыра түседі.

Көшебе атауына қатысты М.С. Мұқанов аңыз негізіне сүйене отырып, көш бара жатқанда дүниеге келгендіктен атаған деп келтірген [3; 125 б.]. Назар аударатын жайт, мұндай тұжырымды өзге зерттеулерден көре алмаймыз.

Осы көшебе руының ұрпағы — қазақ халқының әйгілі әнші, композиторы, ақыны Қожағұлұлы Біржан (1834–1897).

Танаш бидің келесі ұрпағы Тарышының шежірелік кестесі мен Марат Сәбитұлының аталмыш зерттеулерінен кейбір ұқсастықты байқаймыз. М.С. Мұқанов Тарышыдан Ысмайыл, одан Ақсары, Құлсары, Тезегейді келтіреді [14; 197 б.].

Осы Ысмайылдың Ақсарысынан Ақымбет, Тоқымбет, Нұрымбет, Нұралы, Иманәлі, Байет, Әжі деп өрбіткен [14; 198 б.]. Келесі зерттеуінде, назар аударарлық жайт, Ақсарыдан Байет пен Әжіні таратады. Қалған Ақымбет, Тоқымбет, Естемес, Есеналы, Еменалы деп, олар Тарышының екінші ұлы Исмағұлдың ұрпағы деп көрсетеді [3; 138 б.].

Ысмайылдың Құлсарысын бір зерттеуінде тек Есеналы, Есбол десе, ал келесі зерттеуінде оның үшінші ұлы Малай деп тартқан [3; 139 б.].

Айта кететін жайт, керей тайпасының осы құлсары руынан көптеген ұлы тұлғалар шыққан. Мәселен, жоңғар басқыншылығына қарсы шайқаста аты шыққан Абылай хан мен Қаракерей Қабанбай батыр бастаған қазақ қолының алғы шебінде жүрген айбынды батырдың бірі — Бардәулетұлы Жәнібек аталмыш рудың ұрпағы.

Сонымен қатар, Тезегейдің шежіресін таратқан кезде де толықтыру болғанын көреміз. Ғалым Тезегейден тек Матақай тарайтынын көрсетеді, ал, келесі кітабында Матақай, Самай, Бәйтеке Тезегейдің ұрпақтары деп нақтылайды. М.С. Мұқанов керей тайпасының шежірелік нұсқасын таратуда ХХ ғасырдың бас кезеңіне әкеп тірейді. Зерделеу барысында ғалым өзге ғылыми еңбектерде көрінісін таппаған мәліметтерді келтіреді. Мәселен, тегі осы рудан шыққан Ташмұхаммед (Таштит) Барлыбаев (1833–1903) туралы жан-жақты мәлімет берілген [3; 17 б.].

Міне, ғалымның тек екі зерттеуінің өзін саралай отырып көптеген айырмашылықты көруімізге болады. Ғалым бұларды одан әрі өрбіткен кезінде де ортақ шежірелік нұсқа келтірмейді.

Бірақ, керей тайпасының абақ руына қатысты Марат Сәбитұлы зерттеулері мен шежірелік нұсқаларда еш айырмашылық жоқ. Мұндай пікірді, өзге ғалымдардың келтірген шежірелік кестелерінен де көре аламыз. Сондықтан қайталауды артық деп есептейміз.

#### *Қорытынды*

М.С. Мұқанов қазақ халқының этникалық тарихы, қазақ жүздері мен тайпаларының құрамы, шежіресіне байланысты сан алуан мәселелерге терең қызығушылық танытқан. Тоталитарлық жүйе кезінде аталмыш тақырыптар мәселелерін зерттеуге мүлдем тыйым салынған болатын. Кеңес қоғамы көшпелілердің өзіндік биік мәдениеті мен қайталанбас салт-дәстүр ерекшеліктерін қасақана мойындамады. Оның астарында империялық мүдде мен саясат жатқан болатын. Алайда, оларға өзінің әріптестері мен көшпелілер өркениетінің ру-тайпаларының құрылымымен таныс С.П. Толстов, Т.А. Жданко және т.б. ғалымдар қолдау көрсетіп, өздерінің еңбектерінде М.С. Мұқановтың дұрыс идея ұсынғанын мойындап қана қоймай, сонымен қатар көптеген конференциялар мен сессияларда ғылыми тұрғыдан дұрыстығын бүкіл ғылыми жұртшылықты мойындата білді.

Осы тұста М.С. Мұқановтың Қазақстан тарихын зерттеуші ірі ғалым ретінде көрінуі монографияларының басылуынан айқын байқалды. Оның монографияларында Орта жүз құрамына кірген тайпалардың тегі, әр кезеңдегі тағдыры мен этникалық тарихы, соларға байланысты толып

жатқан аңыз-әңгімелер, әр тайпаның немесе үлкен рулардың таңбасы мен ұраны жайында қолда бар материалдар толық келтірілген, оларға ғылыми талдаулар жасалған, құнды пікірлер айтылған.

Ғалым XV-XVI ғ.ғ. бергі Орта жүз құрамына кіретін арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, керей және уақ тайпаларының шығу тегіне жеке-жеке тоқталады. Соның бір дәлелі ретінде мақаламызда зерделеп отырмыз.

Сонымен қатар, М.С. Мұқанов өзінің аталмыш зерттеулерінде атамекеніміздің тарихына, туған жеріміздің шежіресіне Қазан төңкерісіне дейінгі және кеңестік империя тұсындағы мұрағат құжаттарына, ғылыми деректер мен мәліметтерге сүйене отырып зор көңіл бөлді. Ол Ресей империясының қазақ жерін XVIII ғ. мен XX ғ. басында жүйелі түрде отарлауы мен оның қалай жүзеге асқандығы туралы нақты құжаттар мен деректерді пайдаланды.

Өткенімізге ой жіберіп, барымызды нардай, жоғымызды ардай түгендеп жатқан бүгінгі күнде ұлтымызға ортақ үш жүздің ұлан-ғайыр шежіресінің басы біріктіріліп, бір ізге түсірілгені де рухани өмірімізге қосылған құнды тәлім екендігі даусыз.

Жүсіп Баласағұнның «кісі мәңгі болмас, мәңгі аты, арыға мәңгі қалар шапағаты» деген нақыл сөздерімен қорытындылай келе, ғалымның артында қалған монографиялары қазақ халқының тарихы, әсіресе Орта жүз ру-тайпаларының этникалық тарихы, қоныстануы, шежіресі, таңбаларына қатысты және қазақ халқының ұлттық қолөнерін, материалдық мәдениетіне қосылған өзіндік үлесі бар бағалы туындылары, шәкірттері артында қалған баға жетпес мұрасы деп есептейміз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Антропологический и этнографический очерк этих стран. Дополнения и поправки / Г.Е. Грумм-Гржимайло. — Т. 3. — Вып. 2. — Л., 1926. — 460 с.
- 2 Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований / Н.А. Аристов // Живая старина. — Вып. III — IV. — СПб., 1894. — С. 391 — 486.
- 3 Муканов М.С. Из исторического прошлого. (Родословная племен керей и уак) / М.С. Муканов. — Алматы: Қазақстан, 1998. — 160 с.
- 4 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности / Н.А. Аристов // Живая старина. — Вып. 3. — СПб., 1896. — С. 465 — 472; Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири / С.В. Киселев. — М.: АН СССР, 1951. — 642 с.
- 5 Марғұлан Ә.Х. Қазақ тарихынан // Орта ғасырда тасқа қазақша бедерленген белгілер / Ә.Х. Марғұлан — Алматы: Жалын, 1997. — 544 б.
- 6 Қабышұлы И. Монғолия қазақтарының тарихы / И. Қабышұлы — Бай-өлке, 1980. — 248 б.
- 7 Востров В.В. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — начало XX вв.) / В.В. Востров, М.С. Муканов. — Алма-Ата: Наука, 1968. — 254 с.
- 8 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка / С. Аманжолов. — Алматы: Санат, 1997. — 608 с.
- 9 Артықбаев Ж.О. Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. XVIII ғ. / Ж.О. Артықбаев. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1995. — 266 б.
- 10 Қадырбаев А.Ш. Очерки истории средневековых уйгуров, джалаирав, найманов и керейтов / А.Ш. Қадырбаев — Алматы: Рауан; Демеу, 1993. — 167 с.
- 11 Уәлиханов Ш.Ш. Тандамалы / Ш.Ш. Уәлиханов. 2 — бас. — Алматы: Жазушы, 1985. — 560 б.
- 12 Рашид-ад-Дин. Жамиат Таварих. Критический текст А.А. Алиазаде / Рашид-ад-Дин. — Т.11. — Ч.1. — М., 1980. — 220 с.
- 13 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі / Ш.Құдайбердіұлы. — Алматы: Қазақстан-Сана, 1991. — 80 б.
- 14 Арғынбаев Х. Қазақ шежіресі хақында / Х. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, В.В. Востров. — Алматы: Атамұра, 2000. — 464 б.
- 15 Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза / М.С. Муканов. — Алма-Ата: Наука, 1974. — 200 с.
- 16 Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казацкого народа (Читаны в Туркестанском отделе РГО в 1924 и 1925 гг.) / М. Тынышбаев. — Ташкент: Вост. отд. кирг. гос. изд., 1925. — 62 с.
- 17 Қозыбаев М. Ақиқаттан аттамайық / М. Қозыбаев, М. Мұқанов, Ю. Романов, Ә. Ақышев, И. Ерофеева, К. Пишулина, Н. Әлімбаев. // Социалистік Қазақстан. — 1991. — 6 маусым.

А.Б. Калыш, А.И. Исаева

## Выдающийся ученый М.С. Муканов — основоположник этнической истории и генеалогии племени керей

В статье изучены труды М.С. Муканова, внесшего значительный вклад в отечественную историю и этнологию и создавшего свой научный взгляд на основе полевых этнографических материалов, собранных в стране и на основе отечественных и зарубежных научных данных, касающихся этнической истории казахского народа, в том числе истории родоплеменного устройства Среднего жуза, тамги, расселения, этимологии и распространения. Ученый проявлял глубокий интерес к различным вопросам, связанным с этнической историей казахского народа, составом казахских жузов и племен, генеалогией. При тоталитарной системе изучение этих тем было категорически запрещено. Советское общество умышленно не признавало у кочевников своей высокой культуры и неповторимых традиций. Под этим лежали имперские интересы и политика. Однако это не относится к таким ученым, как С.П. Толстов, Т.А. Жданко и другие, знакомым со строением племен кочевой цивилизации, которые поддержали и в своих трудах не только признали, что М.С. Муканов выдвинул правильную идею, но и на многочисленных конференциях и сессиях неоднократно отмечали научную правоту его идей.

*Ключевые слова:* род, племя, этнография, Средний жуз, шежире, керей, летопись, легенда.

A.B. Kalysh, A.I. Isaeva

## Outstanding scientist M.S. Mukanov—scientific founder of the ethnic history and genealogy of the Kerey tribe

The article examines the works of the outstanding scientist Mukanov M. S., who made a significant contribution to the national history and Ethnology, created his own scientific node on the basis of field ethnographic materials collected in the country and on the basis of domestic and foreign scientific data concerning the ethnic history of the Kazakh people, including the history of the tribal structure of the middle Zhuz, Tamga, settlement, etymology and distribution. M.S. Mukanov showed a deep interest in various issues related to the ethnic history of the Kazakh people, the composition of the Kazakh zhuzs and tribes, and genealogy. Under the totalitarian system, the study of these topics was strictly prohibited. Soviet society deliberately did not recognize the nomads' high culture and unique traditions. Under it lay Imperial interests and politics. However, they include S.P. Tolstov, T.A. Zhdanko, and others who are familiar with the structure of their colleagues and the tribes of nomadic civilization. Scientists supported and in their writings not only recognized that M.S. Mukanov put forward the right idea, but at numerous conferences and sessions, the scientific correctness of the entire scientific community was recognized.

*Keywords:* clan, tribe, Ethnography, Middle Zhuz, Shezhire, Kerey, chronicle, legend.

### References

- 1 Grumm-Grzhimailo, G.E. (1926). *Zapadnaia Monholiia i Yriankhaiskii krai. Antropologicheskii i etnograficheskii ocherk etikh stran. Dopolneniia i popravki* [Western Mongolia and the Uriankhai region. An anthropological and ethnographic sketch of these countries. Additions and amendments]. (Vol. 3; Issue 2). Leningrad [in Russian].
- 2 Aristov, N.A. (1894). *Opyt vyiasneniia etnicheskoho sostava kirhiz-kazakhov Bolshoi ordy i karakirhizov na osnovanii rodoslovnykh skazanii i svedenii o sushchestvennykh rodovykh deleniakh i rodovykh tamhakh, a takzhe istoricheskikh dannykh i nachinaiushchikhsia antropologicheskikh issledovaniy* [Experience of finding out the ethnic composition of the Kyrgyz-Kazakhs of the Great Horde and karakirgiz on the basis of genealogical legends and information about existing tribal divisions and tribal tamgas, as well as historical data and beginning anthropological research]. Saint Petersburg [in Russian].
- 3 Mukanov, M.S. (1998). *Iz istoricheskoho proshloho. (Rodoslovnaia plemen kerei i uak)*. [From the historical past: (Genealogy of the Kerey and Uak tribes)]. Almaty: Kazakhstan [in Russian].
- 4 Aristov, N.A. (1896). *Zametki ob etnicheskom sostave tiurkskikh plemen i narodnosti i svedeniia ob ikh chislennosti* [Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nationalities and information about their numbers]. *Living antiquity, Issue 3* Saint Petersburg [in Russian].
- 5 Margulan, A.Kh. (1997). *Qazaq tarihnan [Kazakh relief]. Orta hasyrda tasqa qazaqsha bederlenhen belhiler [Kazakh relief signs on stone in the Middle Ages]*. Almaty: Zhalyn [in Kazakh].
- 6 Kabyshuly, I. (1980). *Monholiia qazaqtarynyn tarikhy [History of Mongolian Kazakhs]*. Bai-olke [in Kazakh].
- 7 Vostrov, V.V., & Mukanov, M.S. (1968). *Rodoplemennoi sostav i rasselenie kazakhov (konets XIX – nachalo XX vekov)*. [Tribal composition and settlement of Kazakhs (late XIX-early XX Centuries)]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].

- 8 Amanzholov, S. (1997). *Voprosy dialektologii i istorii kazakhskogo yazyka* [Questions of dialectology and history of the Kazakh language]. Almaty: Sanat [in Russian].
- 9 Artykbayev, Zh.O. (1995). *Qazaq etnografiyasi: etnos zhane qoham XVIII h.* [Kazakh ethnography: Ethnos and society. XVIII century]. Karaganda: KarMU baspasy. Izdatelstvo KSU. [in Russian].
- 10 Kadyrbaev, A.Sh. (1993). *Ocherki istorii srednevekovykh uihurov, dzhalaurov, naimanov i kereitov* [Essays on the history of medieval Uighurs, Jalayirs, Naimans and Kereits]. Almaty: Rauan; Demeu [in Russian].
- 11 Ualikhanov, Sh.Sh. (1985). *Tandamaly. 2 bas.* [The chosen ones. 2-Publisher]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 12 Rashid-ad-din. (1980). *Zhamiat Tavarikh. Kriticheskii tekst* [Jamiat Tavarikh. Critical text]. (Vol. 11, Part 1). Moscow [in Russian].
- 13 Kudaiberdyuly, Sh. (1991). *Turik, Kyrgyz-Kazakh kham khandar shezhiresi* [Turkic, Kyrgyz-Kazakh khans are shezhire]. Almaty: Kazakhstan-Sana [in Kazakh].
- 14 Argyubaev, Kh., Mukanov, M.S., & Vostrov, V.V. (2000). *Qazaq shezhiresi khakynda* [About the Kazakh genealogy]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 15 Mukanov, M.S. (1974). *Etnicheskii sostav i rasselenie kazakhov Sredneho zhuza* [Ethnic composition and settlement of the Kazakhs of the Middle Zhuz]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 16 Tynyshbaev, M. (1925). *Materialy k istorii kirhiz-kazakhskogo naroda (Chitany v Turkestanskom otdel' RGO v 1924 i 1925 hh.)* [Materials for the history of the Kyrgyz-Cossack people (Read in the Turkestan Department of the Russian Geographical Society in 1924 and 1925)]. Tashkent: Vostochnoe Otdelenie Kirhiziskogo gosudarstvennogo izdatelstvo [in Russian].
- 17 Kozybaev, M., Mukanov, M., Romanov, Y., Akishev, A., Erofeeva, I., & Pishchulina, K. et.al. (1991). *Aqiqattan attamaiyq* [Tarting from the truth]. *Sotsialistik Kazakhstan*, June 6 [in Russian].